

«КӨШПЕНДІ ХАЛЫҚ: ТАРИХ, ТАНЫМ, ТАҒЫЛЫМ» АТТЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ ҚАРАРЫ

9-11 қыркүйек аралығында Астана қаласында Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің базасында 5-ші Дүниежүзілік көшпенділер ойындары (бұдан әрі – ДКО) аясында «Көшпенді халық: тарих, таным, тағылым» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы өтті.

Конференцияның мақсаты - дала өркениетінің мұрасына, оның мәдениетіне, тамақтану жүйесіне және дәстүрлі жарыс түрлеріне байланысты мәселелерді талқылауға және ақпарат алмасуға дайын ғалымдар мен сарапшылардың халықаралық тобын құру болды.

Конференцияның ұйымдастырушылары:

- 5-ші Дүниежүзілік көшпенділер ойындарын ұйымдастыру комитеті;
- Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Мемлекет Тарихы Институты»;
- Дене шынықтыру және бұқаралық спорт академиясы.

Конференция жұмысына Қазақстанның, алыс және жақын шетелдердің ғылыми-зерттеу мекемелерінің, білім беру орталықтары мен қоғамдық ұйымдарының атынан 70-ден астам ғалымдар, сарапшылар мен мамандар қатысты. Қатысушылардың географиясы Әзірбайжан, Беларусь, Ұлыбритания, Қазақстан, Қытай, Корея, Қырғызстан, Моңғолия, Португалия, Ресей (Башқұртстан, Бурятия, Қалмақия, Тыва, Якутия), АҚШ, Түркия, Өзбекстан және Франция сияқты елдерді қамтиды.

Конференцияда «Тарих және мәдениет», «Спорт ғылымы», «Орталық Азия көшпенділерінің тамақтануы» бағыттары бойынша көптеген тақырыптар қаралды. Сондай-ақ ЮНЕСКО ІСНАР (Корея және Қазақстан) қолдауымен ұйымдастырылған «Садақ ату ортақ мәдени мұра ретінде» арнайы сессиясы өткізілді. Конференцияда пленарлық және секциялық отырыстар барысында барлығы 75 баяндама ұсынылды.

Конференция жұмысының қорытындысы бойынша қатысушылар келесілерді атап өтті:

– 2021 жылдың желтоқсанында «Дүниежүзілік көшпенділер ойындары: мұраны жаңғырту, мәдени ерекшелікті атап өту» номинациясы түрінде адамзаттың материалдық емес мәдени мұрасының репрезентативті тізіміне енгізілген Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының мәдени-тарихи маңызы, олардың халықаралық этномәдениетті жаңғырту, дамыту және сақтаудағы беделі мен маңызы, әлем этностары мен халықтарының бірегейлігі, этностар мен халықтар арасындағы толерантты қарым-қатынасты тәрбиелеу;

– ұлттық спорт түрлерін дамыту тек спорттық және сауықтыру бағытында ғана емес, сонымен қатар жеке тұлғаны патриоттық, ұлттық-мәдени тәрбиелеудегі міндеттер кешенін шешуге ықпал етеді;

– біртұтас әлемдік урбанистік мәдениеттің тез таралуы дәуірінде көшпенділердің тамақтануының негізгі ұстанымдары көптеген этностардың ажырамас бөлігі болып табылады. Көшпенділердің тамақтануы әртүрлі субмодельдерді ұсынады, олардың зерттеулері әртүрлі халықтар мен этностардың тағамға деген талғамдары және мөлшері туралы білімді жетілдіруге мүмкіндік береді.

Конференция қатысушылары жұмыс қорытындысы бойынша бірқатар ұсыныстар мен ұсынымдарды Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 21 желтоқсанындағы «Материалдық емес мәдени мұраны қорғау туралы конвенцияны ратификациялау туралы» заңына сәйкес 2003 жылдың 17 қазанында Қазақстан Республикасының халықаралық конвенцияға қосылуын ескере отырып енгізді.

– 2003 жылғы ЮНЕСКО-ның материалдық емес мәдени мұраны қорғау туралы халықаралық конвенциясының ережелерін ескере отырып, Қазақстан Республикасының материалдық емес мәдени мұрасын сақтауға және дамытуға бағытталған ұлттық заңнаманы әзірлеу бойынша жұмысты жандандыру;

– Қазақстан халықтарының тарихи-мәдени және материалдық емес мәдени мұрасын сақтауға бағытталған толыққанды және ауқымды жұмыстарды жүргізу үшін Қазақстан Республикасында Мұра институтын құру мәселесін қарастыру;

– Қазақстан Республикасында спорт ғылымы мен ұлттық спорт түрлерін одан әрі дамыту және көпшілікке танымал ету үшін ұлттық спорт ғылыми-зерттеу институтын құру туралы мәселені қарастыру;

– Қазақстан Республикасы ғылыми қоғамдастығы өкілдерінің мүмкіндіктерін кеңейту мақсатында тамақтану және спорт ғылымдары бойынша ғылыми-зерттеу жобаларын, атап айтқанда, Ғылым және жоғары білім министрлігі, Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі желісі бойынша ұлттық спорт түрлерінен іргелі және қолданбалы зерттеулер жүргізу үшін жеке гранттық қаржыландыруды бөлу мәселесін қарастыру қажет;

– жұмыс бағдарламаларын, оқу модульдерін, оқулықтарды, оқу құралдарын бірлесіп әзірлеу, сондай-ақ ұлттық спорт түрлері бойынша ғылыми жобаларды жүзеге асыру үшін спорт даярлау орталықтарымен, спорт мектептерімен және дене шынықтыру және спорт саласында мамандар даярлайтын жоғары оқу орындарымен кәсіби байланыстарды кеңейту;

– мүдделі ұйымдарға халықтың әртүрлі санаттарын ұлттық спорт түрлерімен айналысуға ынталандыруды арттыру жолдарын зерделеу, қалыптастыру және іздестіру жөніндегі жұмыстарды жалғастыру;

– дене шынықтыру мен спорттың өзекті мәселелерін ескере отырып, мамандарды кәсіби-педагогикалық даярлаудың рөлін күшейту;

– Дүниежүзілік көшпенділер ойындары аясында өткізілетін спорт түрлері бойынша бірыңғай халықаралық ережелерді қабылдау туралы мәселені қарастыру қажет;

– халықтың барлық топтарын ашытылған сүт қоректік заттарымен тағамдық қамтамасыз ету үшін бие сүтін өндіру бойынша кластерлік жүйені құруды ұсыну;

– Қазақстан Республикасының барлық аймақтарында қымыз бен шұбаттың дәстүрлі және сублимацияланған түрлерін пайдалана отырып, ат туризмі мен сауықтыру кешендерін дамыту үшін экошаруашылықтардың санын ұлғайту қажет;

– денсаулық сақтау саласындағы жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламасына көшпенділердің тамақтануының (бие мен түйе сүті, саумал, жылқы етінен жасалған өнім және т.б.) емдік, диеталық, профилактикалық және иммуностимуляциялық қасиеттері туралы қосымша факультатив форматын енгізу;

– Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының спорттық, мәдени және ғылыми бағдарламаларының бірлігі қағидасына сәйкес ғылыми-білім беру бағдарламасын ұйымдастыру міндетті, оның мазмұнын халықаралық, республикалық және өңірлік деңгейлер, сондай-ақ көшпелілердің дәстүрлі мәдениетін танымал етуге және халықтың, әсіресе жас өскелең ұрпақтың ДКО және дәстүрлі көшпелі мәдениет туралы хабардарлығын арттыруға бағытталған білім беру бағдарламалары құрауы қажет.

Конференция қатысушылары халықаралық мәдени, ғылыми және спорттық байланыстарды нығайтуға және кеңейтуге бірауыздан ниет білдірді; конференцияның жоғары ғылыми деңгейін және жоғары деңгейде ұйымдастырылғанын атап өтті; 5-ші Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының Ұйымдастыру комитетіне, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігіне, Қазақстан Республикасының Туризм және спорт министрлігіне, Қазақстан Республикасының Ұлттық музейіне, Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігіне, Астана қаласының әкімшілігіне, Мемлекет тарихы институтына, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитетіне, Дене шынықтыру және бұқаралық спорт академиясына, сондай-ақ волонтерлар мен бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдеріне алғысымызды білдіреміз.